

Алғашқы жұмыс

HP ноутбугі

© Copyright 2011 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Microsoft, Windows және Windows Vista – Microsoft корпорациясының АҚШ-тағы тіркелген сауда белгілері. SD Logo – өз меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Екінші басылым: шілде, 2011 ж.

Бірінші басылым: мамыр, 2011 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 637953-DF2

Өнім ескертуі

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты қайтарып алу үшін, тек пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты немесе сұрау жіберу үшін, жергілікті сату нүктесіне (сатушыға) хабарласыңыз.

Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.

Мазмұны

1 Қош келдіңіз	1
Beats Audio	2
Ақпаратты табу	3
2 Компьютермен танысу	6
Жоғарыдан қарағандағы көрінісі	7
Сенсорлы тақта	7
Шамдар	8
Түймешіктер және саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)	9
Пернелер	11
Алдыңғы жағы	12
Оң жағы	13
Сол жағы	15
Дисплей	16
Астыңғы жағы	17
3 Желі орнату	19
Интернет провайдерін (ISP) пайдалану	20
Сымсыз желіге қосылу	21
Бар WLAN желісіне қосылу	21
Жаңа WLAN желісін орнату	22
Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу	23
WLAN жүйесін қорғау	23
4 HP QuickWeb	24
Жұмысқа кірісу	24
HP QuickWeb бағдарламасын бастау	25
5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар	26
Пернетақтаны пайдалану	27
Пернелер тіркесімдерін анықтау	27

Пернетақталарды пайдалану	28
Енгізілген сандық пернетақтаны пайдалану	29
Енгізілген сандық пернетақтаны қосу және сөндіру	29
Енгізілген сандық пернетақта пернелерінің функцияларын ауыстырып қосу	30
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану	30
Меңзегіш құрылғылар параметрлерін орнату	30
Сенсорлы тақтаны қолдану	30
Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу	31
Шарлау	32
Таңдау	32
Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану	33
Жылжу	34
Шымшу/Масштабтау	34
6 Күтім	36
Батареяны салу және шығарып алу	36
Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту	40
Қатты дискіні шығарып алу	40
Қатты дискіні орнату	41
Жад модулін қосу немесе ауыстыру	43
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	45
SoftPaq Download Manager құралын пайдалану	46
Компьютерді тазалау	47
Өнімдерді тазалау	47
Тазалау іс реті	48
Дисплейді тазалау	48
Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау	48
Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау	48
7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру	49
Windows 7	49
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау	50
Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру	51
Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдарын пайдалану	52
f11 қалпына келтіру құралдарын пайдалану	52
Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін (бөлек сатылады) пайдалану	53
Windows Vista	55
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау	55
Қалпына келтіруді орындау	56
Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдарын пайдалану	57

f11 қалпына келтіру құралдарын пайдалану	57
Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін (бөлек сатылады) пайдалану	58
8 Тұтынушыларды қолдау	59
Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу	60
Жапсырмалар	61
9 Техникалық сипаттамасы	62
Тұтынылатын қуат	63
Жұмыс ортасы	64
Индекс	65

1 Қош келдіңіз

- [Beats Audio](#)
- [Ақпаратты табу](#)


Компьютер параметрлерін орнатып, оны тіркегеннен кейін, мына әрекеттерді орындау маңызды:

- **HP QuickWeb орнату** — Интернет, виджеттер, электрондық пошта мен байланыс бағдарламаларына негізгі амалдық жүйені бастамастан бірден кіру үшін қолданылады. Қосымша ақпарат алу үшін, [HP QuickWeb 24-бетте](#) тарауын қараңыз.
- **Интернетке қосылу** — Интернетке қосылу үшін, сымды немесе сымсыз желі параметрлерін реттеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [Желі орнату 19-бетте](#) тарауын қараңыз.
- **Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту** — вирустардан болатын зақымнан компьютерді қорғаңыз. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылады да, тегін жаңартуларға жазылу шектеулі болады. Қосымша ақпарат алу үшін *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығын* қараңыз. Бұл нұсқаулықты пайдалану туралы нұсқауларды алу үшін [Ақпаратты табу 3-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.
- **Компьютермен танысу** — компьютер мүмкіндіктері туралы қосымша мәлімет алыңыз. Қосымша ақпаратты [Компьютермен танысу 6-бетте](#) және [Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар 26-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралды табу** — компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін қарау үшін қолданылады. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармақтарын таңдаңыз. Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Beats Audio

Beats Audio — таза дыбысты қолданған кезде, терең, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.

- ▲ Beats Audio бас параметрлерін арттыру немесе төмендету үшін, **fn** пернесі **(1)** мен **b** пернесін **(2)** басыңыз.



ЕСКЕРІМ: Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Төменгі жиілік сипаттарын көру және басқару үшін **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Beats Audio > Качество звука (Дыбыс сапасы)** пәрмендерін таңдаңыз.

Ақпаратты табу

Түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше құрал компьютерде орнатылып келеді.

Құралдар	Берілетін ақпарат
<i>Орнату нұсқаулары</i> постері	<ul style="list-style-type: none">• Компьютерді орнату туралы• Компьютер бөліктерін анықтауға көмек
<i>Алғашқы жұмыс</i>	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер сипаттары
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none">• Сымсыз желіге қосылу сипаттамасы
Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Пернетақтаны және меңзегіш құрылғыларды пайдалану• Қатты диск және жад модульдерін ауыстыру немесе жаңарту
– немесе –	<ul style="list-style-type: none">• Сақтық көшірме жасау мен қалпына келтіруді орындау
Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу• Компьютер сипаттамасы
<i>HP ноутбүгінің анықтамалық нұсқаулығы</i>	<ul style="list-style-type: none">• Қуатты басқару мүмкіндіктері
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none">• Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту туралы
Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалану туралы• Компьютерді қорғау туралы
– немесе –	<ul style="list-style-type: none">• Компьютерге күтім көрсету туралы
Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Бағдарламалық құралдарды жаңарту туралы
Анықтама және қолдау орталығы	<ul style="list-style-type: none">• Амалдық жүйе туралы ақпарат
Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) пәрмендерін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары• Ақаулықтарды жою құралдары
ЕСКЕРІМ: Ел немесе аймаққа арналған қолдау үшін http://www.hp.com/support веб-торабын ашып, қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Техникалық қолдауға жолығу туралы
<i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i>	<ul style="list-style-type: none">• Заңдық және қауіпсіздік ақпараты
Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none">• Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат
Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.	
– немесе –	
Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.	

Құралдар	Берілетін ақпарат
<p><i>Қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс жасау нұсқаулығы</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс компьютерін дұрыс орнату, дұрыс отыру, денсаулық сақтау және жұмыс жасау салттары • Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты
<p><i>Worldwide Telephone Numbers</i> (Дүниежүзілік телефон нөмірлері) кітапшасы</p> <p>Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.</p>	<p>HP компаниясының қолдау қызметінің телефон нөмірлері</p>
<p>HP веб-торабы</p> <p>Бұл веб-торапқа http://www.hp.com/support мекенжайы бойынша өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қолдау қызметі туралы ақпарат • Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу • Құрылғы үшін қолданылатын керек-жарақтар


Құралдар	Берілетін ақпарат
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Кепілдікті ашу үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) > Просмотреть информацию о гарантии (Кепілдік ақпаратын көру) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) > Просмотреть информацию о гарантии (Кепілдік ақпаратын көру) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз.</p>	<p>Кепілдік туралы ақпарат</p>
<p>*Құрылғыға қатысты арнайы HP шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта келген CD/DVD дискісіндегі электрондық нұсқаулықтардың ішінен табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP компаниясы басылған HP шектеулі кепілдігін қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін http://www.hp.com/go/orderdocuments мекенжайы бойынша немесе төмендегі мекенжайға хат жіберіп сұрауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Солтүстік Америка: Hewlett-Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA (АҚШ) ● Еуропа, Таяу Шығыс, Африка: Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Италия ● Азиялық Тыныс Мұхит аймағы: Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507 (Сингапур) <p>Өнім нөмірі, кепілдік мерзімі (сериялық нөмір жапсырмасынан табуға болады), атыңыз және пошталық мекенжайды қосыңыз.</p>	

2 Компьютермен танысу

- [Жоғарыдан қарағандағы көрінісі](#)
- [Алдыңғы жағы](#)
- [Оң жағы](#)
- [Сол жағы](#)
- [Дисплей](#)
- [Астыңғы жағы](#)


Жоғарыдан қарағандағы көрінісі





Сенсорлы тақта



Бөлік		Сипаттама
(1)	Сенсорлы тақтаны қосу/өшіру түймешігі	Сенсорлы тақтаны қосады және сөндіреді.
(2)	Сенсорлы тақта	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.
(3)	Сенсорлы тақтаның сол жақ түймешігі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
(4)	Сенсорлы тақтаның оң жақ түймешігі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.





Шамдар




Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none">Қосулы: компьютер қосулы.Жыпылықтап тұр: компьютер ұйқы режимінде.Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(2)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none">Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты ішкі сымсыз құрылғы қосулы.Сары: барлық сымсыз құрылғылар өшірулі.
(3)  QuickWeb шамы	<ul style="list-style-type: none">Қосулы: компьютер қосулы.Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде. <p>ЕСКЕРІМ: Қосымша ақпарат алу үшін, осы нұсқаулықтың HP QuickWeb 24-бетте бөлімін және HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.</p>
(4)  Дыбысты өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none">Сары: Компьютер дыбысы өшірулі.Өшірулі: Компьютер дыбысы қосулы.
(5) Caps lock шамы	Қосулы: Caps lock қосулы.
(6) Сенсорлы тақта шамы	<ul style="list-style-type: none">Сары: сенсорлы тақта өшірулі.Өшірулі: сенсорлы тақта қосулы.

Түймешіктер және саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз. • Компьютер қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows® жүйесінің өшіру процедуралары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін кем дегенде 5 секунд басып тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін</p> <ul style="list-style-type: none"> • Windows 7 жүйесінде Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз. <p>– немесе –</p> <ul style="list-style-type: none"> • Windows Vista жүйесінде Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и технический уход (Жүйе және техникалық қызмет көрсету) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз. • <i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығын</i> қараңыз.
(2)  Сымсыз байланыс түймешігі	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады, бірақ сымсыз қосылысты орнатпайды.
(3)  QuickWeb түймешігі	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютер өшірулі немесе күту күйінде болғанда, HP QuickWeb құралын ашу үшін осы түймешікті басыңыз. • Компьютерде Microsoft Windows амалдық жүйесі орнатылған болса, әдепкі веб-шолғышты ашу үшін осы түймешікті басыңыз. • Компьютерде HP QuickWeb құралы қосулы болса, әдепкі веб-шолғышты ашу үшін осы түймешікті басыңыз. <p>ЕСКЕРІМ: Қосымша ақпарат алу үшін, осы нұсқаулықтың HP QuickWeb 24-бетте бөлімін және HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз. Компьютерде HP QuickWeb бағдарламалық құралы болмаса, бұл түймешік ешқандай әрекет немесе функция орындамайды.</p>
(4)  Дауысты өшіру түймешігі	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
(5) Саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)	Құпиясөз арқылы кірудің орнына, Windows жүйесіне саусақ ізі арқылы кіруге мүмкіндік береді.

Пернелер




Бөлік	Сипаттама
(1) esc пернесі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2) fn пернесі	Функционалдық пернемен, num lk немесе esc пернесімен бірге басылғанда, жиі пайдаланылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)  Windows логотипті перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4) Функционалдық пернелер	fn пернесімен бірге басылғанда жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(5)  Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(6) Енгізілген сандық пернетақта пернелері	fn және num lk пернелерімен бірге басылған кезде сыртқы сандық пернетақтадағы пернелер сияқты қолданылуы мүмкін.
(7) num lk пернесі	fn пернесімен бірге басылғанда, енгізілген сандық пернетақтаны қосады және сөндіреді.






Алдыңғы жағы




Бөлік	Сипаттама
(1) 	Қуат шамы <ul style="list-style-type: none">Қосулы: компьютер қосулы.Жыпылықтап тұр: компьютер ұйқы режимінде.Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(2) 	Қатты диск жетегінің жарығы <ul style="list-style-type: none">Ақ түсте жыпылықтау: қатты диск пайдаланылуда.Сары: HP 3D DriveGuard қызметі қатты дискті уақытша әдепкі орнына қалпына келтірген.
(3)	Үндеткіштер (2) Дыбыс шығарады.


Оң жағы







Бөлік	Сипаттама
<p>(1)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы</p>	<p>Токқа қосылатын қосымша стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға немесе теледидар дыбысы ұясына қосылады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақаспаптарды киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i> нұсқаулығын қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Құрылғы кабелінің аудио шығыс (гарнитура) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.</p>
<p>(2)  USB зарядтау порты</p>	<p>Қосымша USB құрылғыларын қосады. Компьютер өшірулі кезде ұялы телефондар мен MP3 ойнатқыштарының таңдаулы үлгілерін де USB зарядтау порты арқылы зарядтауға болады.</p>
<p>(3)  USB порты</p>	<p>Қосымша USB құрылғыларын қосады.</p>
<p>(4)  RJ-45 (желі) шамдары (2)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жасыл (сол жақта): желі қосылды. • Сары (оң жақта): желі белсенді.
<p>(5)  RJ-45 (желі) ұясы</p>	<p>Желілік кабелді қосады.</p>


Бөлік	Сипаттама
(6)  Қуат коннекторы	Айнымалы ток адаптері қосылады.
(7) Батарея шамы	<ul style="list-style-type: none">• Сары: компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея 0 мен 90%-ға дейін зарядталған• Ақ: компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея 90 мен 99%-ға дейін зарядталған• Сары түсте жыпылықтау: Жалғыз қуат көзі болатын батарея заряды төмен батарея деңгейіне жетті. Батарея заряды өте төмен деңгейге жеткен кезде батарея шамы жиі-жиі жыпылықтай бастайды.• Өшірулі: Батарея толығымен зарядталған.

Сол жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.
(2) Желдеткіш	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.
(3)  Сыртқы монитор порты	Сыртқы VGA монитормы немесе проекторды қосады.
(4)  eSATA/USB порты	eSATA сыртқы қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары eSATA компонентін немесе қосымша USB құрылғысын жалғауға арналған.
(5)  HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(6) Медиа картаны оқу құрылғысы	Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды: <ul style="list-style-type: none">• MultiMediaCard• Secure Digital (SD) жад картасы


Дисплей






Бөлік	Сипаттама
(1) Ішкі дисплей қосқышы	Дисплейді өшіреді немесе егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы күйін қосады. ЕСКЕРІМ: Дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.
(2) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(3) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз ғаламдық желілермен (WWAN) байланыс жасау мақсатында сымсыз сигналдарды жібереді және қабылдайды.
(4) Ішкі микрофондар (2)	Дыбысты жазады.
(5) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданыста.
(6) Веб-камера	Бейнені жазады және суреттерді түсіреді. Веб-камераны пайдалану үшін, Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Веб-камера HP (HP веб-камерасы) тармағын таңдаңыз.

*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз. Бұл ескертпелер анықтама және қолдау орталықтарында орналасқан.

Астыңғы жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)	Батарея ұясы Батареяны ұстайды.
(2) 	Батарея қақпағын босату ысырмасы Батарея қақпағын батарея ұясынан босатады.
(3)	Желдеткіштер (2) Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.
(4) 	Bluetooth бөлімі Bluetooth құрылғысын ұстайды.

Бөлік	Сипаттама
(5)  SIM картасының ұясы	Сымсыз SIM (Абоненттің анықтау модулі) картасына қолдау көрсетіледі. SIM картасының ұясы батарея ұясында орналасқан.
(6) Қатты диск ұясы	<p>Қатты дискі, сондай-ақ сымсыз LAN модулі ұясы, WWAN модулі ұясы және жад модулі ұялары орналасады.</p> <p>ЕСКЕРТУ: Жүйенің жауап бермеуін болдырмау үшін, сымсыз модульді тек еліңіздегі немесе аймағыңыздағы сымсыз құрылғыларды реттеуші үкіметтік агенттік компьютерде қолдануға рұқсат еткен сымсыз модульдермен ауыстырыңыз. Егер модульді орнатып, одан кейін ескерту хабарын алсаңыз, компьютер мүмкіндігін қалпына келтіру үшін модульді жойып, анықтама және қолдау орталығы арқылы техникалық қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.</p>

3 Желі орнату

- [Интернет провайдерін \(ISP\) пайдалану](#)
- [Сымсыз желіге қосылу](#)




ЕСКЕРІМ: Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.

Компьютер Интернетке қосылудың келесі түрлерінің біреуін немесе екеуін де қолдауы мүмкін:

- Сымсыз байланыс — Интернетке мобильді қосылу үшін сымсыз байланысты пайдалануға болады. [Бар WLAN желісіне қосылу 21-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 22-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сымды — Интернетке сымды желіге қосылып кіруге болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

Интернет провайдерін (ISP) пайдалану


Интернетке қосылмас бұрын Интернет провайдерінің есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметі мен модем сатып алу үшін, жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет қызметі провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Интернет қызметтері провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөзді береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютердің параметрлерін бар жазбаны пайдаланатын реттеу үшін көмектесетін мынадай мүмкіндіктер бар:

- **Интернет қызметтері мен ұсыныстары (кейбір жерлерде бар)** — бұл утилитта жаңа Интернет жазбасын жасауға және бар жазбаны пайдалану үшін компьютер параметрлерін реттеуге көмектеседі. Бұл утилитаны пайдалану үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Интернет-службы (Интернет қызметтері) > Интернет (Интернетке кіру)** тармақтарын таңдаңыз.
- **Интернет провайдері беретін белгішелер (кейбір жерлерде бар)** — бұл белгішелер Windows жұмыс үстелінде көрсетілуі немесе Online Services (Желідегі қызметтер) атты жұмыс үстелі қалтасында топталуы мүмкін. Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютерді бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін белгішені екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері** — Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке төмендегі жағдайлардың кез келгенінде қосылу үшін пайдалануға болады:
 - Интернет провайдерінде тіркелген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
 - Интернет есептік жазбасы болмаған және Интернет провайдері шебердегі тізімнен таңдағыңыз келген жағдайда. (Интернет провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда бола бермейді).
 - Тізімде жоқ Интернет провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған Интернет провайдері IP мекенжайы, сондай-ақ POP3 және SMTP параметрлері сияқты қажетті ақпарат берген жағдайда.

Windows Интернетке қосылу шебері мен шеберді пайдалануға арналған нұсқауларды ашу үшін, **Пуск (Бастау) > Панель Управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Шебер Windows желіаралық қалқанын қосу немесе ажыратуды таңдауыңызды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:


- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз аймақтық желі (WWAN) құрылғысы
- Bluetooth құрылғысы


Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбүгінің анықтамалық нұсқаулығынан), анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерінен және берілген мәліметтерден қараңыз.

Бар WLAN желісіне қосылу

Windows 7

1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
4. Қажет желіні таңдаңыз.
5. **Подключить** (Қосылу) пәрменін таңдаңыз.
6. Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желінің қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады. Кодты енгізіп, қосылысты аяқтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртындасыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер қосылатын WLAN желісін көрмесеңіз, **Открыть центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығын ашу) пәрменін таңдап, **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні орнату) түймешігін басыңыз. Параметрлердің тізімі көрсетіледі. Іздеуді және желіге қосылуды немесе жаңа желі қосылысын жасауды қолмен таңдауға болады.


Windows Vista


1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.

3. **Пуск (Бастау) > Подключиться к (Қосылу)** тармақтарын таңдаңыз.


4. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.

- Желі қауіпсіз қосылмаған болса, ескерту хабары көрсетіледі. Ескерту хабарын қабылдап, қосылыстың орнатылуын аяқтау үшін **Все равно подключиться** (Бәрібір қосылу) параметрін таңдаңыз.
- Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желінің қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады. Кодты енгізіп, қосылысты аяқтау үшін, **Подключиться (Қосылу)** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртындасыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер қосылатын WLAN желісін көрмесеңіз, **Показать все подключения** (Барлық қосылыстарды көрсету) сілтемесін таңдаңыз. Бар желілер тізімі көрсетіледі. Бар желіге қосылу немесе жаңа желі қосылысын жасау мүмкіндігін таңдауға болады.


Қосылыс жасалғаннан кейін, тінтуір меңзерін қосылымның атын және күйін растау үшін хабарландыру аймағындағы желі белгішесінің үстіне, тапсырмалар тақтасының оң жағына қоюға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

Жаңа WLAN желісін орнату

Қажетті жабдықтар:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатындығын сұраңыз.

Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнатымы мысалға келтірілген. Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.




Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағыш өндірушісі немесе Интернет провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану:

- **Windows 7** жүйесінде **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) > Установить новое соединение или сеть (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Настроить сеть (Желі орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows Vista** жүйесінде **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) > Установить новое соединение или сеть (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Настроить беспроводной маршрутизатор или точку доступа (Сымсыз жол жоспарлағыш немесе кіру нүктесін орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа сымсыз компьютеріңізді жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

4 HP QuickWeb

Жұмысқа кірісу

QuickWeb бағдарламалық құралы көптеген сүйікті амалдарыңызды қызықты әрі тартымды орындау жолын ұсынады. Компьютеріңіз QuickWeb құралы іске қосылғаннан кейін бірнеше секунд ішінде Интернетке, виджеттерге және байланыс бағдарламаларына жылдам кіруге дайын болады. Жай ғана компьютердегі QuickWeb түймешігін басып, Интернетті шолуды, Skype бағдарламасы арқылы хабарласуды және басқа да HP QuickWeb бағдарламаларымен танысуды бастаңыз.

HP QuickWeb негізгі экранының төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- Веб-браузер — Интернетті шолу және онда мәлімет іздеу, таңдаулы веб-тораптарға сілтеме жасау.
- Skype — VoIP протоколын пайдаланатын Skype бағдарламасы арқылы хабарласу. Skype бағдарламасы бір немесе бірнеше кісімен бір уақытта конференциялық байланыс орнатуға немесе бейне чат жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жерүсті байланыс желілеріне қашықтан қоңырау шалуға болады.
- QuickWeb электрондық поштасы — вебке негізделген электрондық пошта провайдерлеріне немесе жеке пошталық серверіңізге қосылып, электрондық пошта хабарламаларын оқу және жіберу.
- Виджеттер — жаңалықтар, ауа райы болжамдары, әлеуметтік желі арқылы хабарласу, биржалық хабарлар, калькулятор, жабысқақ ескертулер, т.б. үшін қолданылады. HP QuickWeb негізгі экранына қосымша виджеттер қосу үшін «Widget Manager» бағдарламасын да пайдалануға болады.




ЕСКЕРІМ: HP QuickWeb бағдарламалық құралын пайдалану туралы қосымша ақпаратты HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

HP QuickWeb бағдарламасын бастау

- ▲ HP QuickWeb бағдарламалық құралын іске қосу үшін, компьютер өшірулі немесе күту күйінде болғанда QuickWeb түймешігін басыңыз.

Келесі кестеде QuickWeb түймешігінің әрекеттері түсіндіріледі.

Түймешік	Әрекеті
QuickWeb түймешігі	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер өшірулі немесе күту күйінде болғанда, HP QuickWeb бағдарламалық құралын ашады.• Компьютерде Microsoft Windows бағдарламасы ашық болғанда, әдепкі веб-шолғышты ашады.• Компьютерде HP QuickWeb бағдарламалық құралы ашық болғанда, әдепкі веб-шолғышты ашады. <p>ЕСКЕРІМ: Компьютерде HP QuickWeb бағдарламалық құралы болмаса, бұл түймешік ешқандай әрекет немесе функция орындамайды.</p>

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша ақпарат алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.


5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар

- [Пернетақтаны пайдалану](#)
- [Меңзегіш құрылғыларды пайдалану](#)

Пернетақтаны пайдалану





Пернелер тіркесімдерін анықтау








Жылдам перне – **fn** пернесінің (1) және **esc** пернесі (2), функционалдық пернелердің біреуі (3) немесе **b** пернесінің (4) тіркесімі.



Жылдам пернені пайдалану үшін

- ▲ **fn** пернесін аз уақыт басып, жылдам пернелер тіркесімінің екінші пернесін аз уақыт басыңыз.


Жылдам пернелер тіркесімі	Сипаттама
fn+esc	Жүйе ақпаратын көрсетеді.
 fn+f1	Анықтама және қолдау орталығын ашады. Анықтама және қолдау орталығы нұсқаулықтар, сұрақтарға жауаптар мен өнім жаңартуларын қамтиды.
 fn+f2	Ашып тұрған Windows бағдарламасының Параметры печати (Басып шығару мүмкіндіктері) терезесін ашады.
 fn+f3	Орнатылған барлық батареялардың заряд ақпаратын көрсетеді. Батареялардың зарядталып тұруы көрсетіледі және әр батареяда қалған заряд мөлшері туралы есеп беріледі.
 fn+f4	Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, fn+f4 пернелер тіркесімі экран бейнесін компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетеді. Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. fn+f4 пернелер тіркесімі компьютерден бейне ақпарат алатын басқа құрылғылардағы бейнелерді де ауыстыруы мүмкін.

Жылдам пернелер тіркесімі	Сипаттама
 fn+f5	<p>Ұйқы күйін қосады, бұл ақпаратыңызды жүйелік жадқа сақтайды. Дисплей және басқа жүйе бөліктері сөндіріледі де, қуат үнемделеді.</p> <p>Ұйқы күйінен шығу үшін, қуат түймешігін аз уақыт басыңыз.</p> <p>ЕСКЕРТУ: Ақпарат жоғалту қауіп-қатерін азайту үшін, ұйқы күйін қоспас бұрын жұмысыңызды сақтаңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Егер ұйқы күйі кезінде батарея өте төмен деңгейге жетсе, компьютер күту күйіне қосылады және жүйелік жадта сақталған ақпарат қатты дискіге сақталады.</p> <p>fn+f5 жылдам пернесінің функциясын өзгертуге болады. Мысалы, fn+f5 жылдам пернесі ұйқы күйінің орнына күту күйін қосуға орнатылуы мүмкін. Windows амалдық жүйелерінің барлық терезелерінде fn+f5 жылдам пернесі <i>ұйқы режимі түймешігі</i> болып саналады.</p>
 fn+f6	<p>QuickLock қауіпсіздік функциясын іске қосады. QuickLock мүмкіндігі амалдық жүйенің Вход в систему (Жүйеге кіру) терезесін экранға шығарып, ақпаратыңызды қорғайды. Вход в систему (Жүйеге кіру) терезесі көрсетіліп тұрғанда, Windows пайдаланушы құпиясөзі немесе Windows әкімші құпиясөзі енгізілгенше компьютерге кіруге болмайды.</p> <p>ЕСКЕРІМ: QuickLock мүмкіндігін пайдаланбас бұрын Windows пайдаланушы құпиясөзі немесе Windows әкімші құпиясөзін орнатуыңыз тиіс. Ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау бөлімін қараңыз.</p>
 fn+f7	Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді.
 fn+f8	Экран жарықтығының деңгейін ұлғайтады.
 fn+f9	<p>Пернетақта жарықтандырғышын қосады және сөндіреді.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Пернетақта жарықтандырғышы зауытта іске қосылады. Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін пернетақта жарықтандырғышын өшіріңіз.</p>
 fn+f11	Үндеткіш дыбысын төмендетеді.
 fn+f12	Үндеткіш дыбысын жоғарылатады.
fn+b	<p>Beats Audio бас параметрлерін көбейтеді немесе азайтады.</p> <p>Beats Audio — таза дыбысты қолданған кезде, терең, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкі параметрлер бойынша қосылған.</p> <p>Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Төменгі жиілік сипаттарын көру және басқару үшін Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Beats Audio > Качество звука (Дыбыс сапасы) пәрмендерін таңдаңыз.</p>

Пернетақталарды пайдалану

Бұл компьютерде енгізілген сандық пернетақта бар. Компьютерде қосымша сыртқы сандық пернетақта немесе сандық пернетақтасы бар қосымша сыртқы пернетақта да жұмыс істейді.


Енгiзiлген сандық пернетақтаны пайдалану



Бөлік	Сипаттама
(1) fn пернесі	num lk пернесімен бірге басылғанда, енгiзiлген сандық пернетақтаны қосады және сөндiредi.
(2) Енгiзiлген сандық пернетақта	Пернетақта iске қосылған кезде оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады. Пернетақтаның әр пернесі оның жоғары оң жақ бұрышындағы белгiше көрсететiн функцияны орындайды.
(3) num lk пернесі	fn пернесімен бірге басылғанда, енгiзiлген сандық пернетақтаны қосады және сөндiредi. ЕСКЕРИМ: Компьютер өшiрiлгенде белсендi болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келедi.

Енгiзiлген сандық пернетақтаны қосу және сөндiру

Енгiзiлген сандық пернетақтаны қосу үшін **fn+num lk** пернелерiн басыңыз. Енгiзiлген сандық пернетақтаны сөндiру үшін **fn+num lk** пернелерiн басыңыз.

 **ЕСКЕРИМ:** Енгiзiлген сандық пернетақта сыртқы пернетақта немесе сандық пернетақта компьютерге жалғанған кезде өшiрулi.

Енгізілген сандық пернетақта пернелерінің функцияларын ауыстырып қосу

Енгізілген сандық пернетақта пернелерінің функцияларын олардың стандартты пернетақта функциялары мен сандық пернетақта функцияларының арасында ауыстырып қосуға болады.

- Сандық пернетақта өшірулі кезде оның пернесінің сандық функциясын пайдалану үшін, пернетақта пернесін басқан кезде **fn** пернесін басып ұстап тұрыңыз.
- Сандық пернетақта қосулы кезде оның пернесінің стандартты функциясын пайдалану үшін
 - Кіші әріптермен жазу үшін, **fn** пернесін басып ұстап тұрыңыз.
 - Бас әріптермен жазу үшін, **fn+shift** пернесін басып ұстап тұрыңыз.

Меңзегіш құрылғыларды пайдалану



ЕСКЕРІМ: Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, сыртқы USB тінтуірін оны компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы пайдалануға болады.

Меңзегіш құрылғылар параметрлерін орнату

Түймешік теңшелімі, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді теңшеу үшін, Windows жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.

Тінтуір параметрлерін қолдану үшін

- **Windows 7** жүйесінде **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып табылатын құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.
- **Windows Vista** жүйесінде **Пуск (Бастау) > Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) > **Мышь** (Тінтуір) пәрменін таңдаңыз.



Сенсорлы тақтаны қолдану


Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды сенсорлы тақта беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз. Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің түймешіктері сияқты пайдаланылады.

Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу

Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу үшін, сенсорлы тақтаны қосу/өшіру түймешігін екі рет жылдам түртіңіз.


Келесі кестеде сенсорлы тақтаның көрсетілетін белгішелері көрсетіліп, сипатталған.

Сенсорлы тақта шамы	Элемент	Сипаттама
Сары:		сенсорлы тақтаның өшірілгенін көрсетеді.
Өшірулі:		сенсорлы тақтаның қосылғанын көрсетеді.




Шарлау

Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды сенсорлы тақта беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз.




Таңдау

Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.




Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану


Сенсорлы тақта бірқатар қимылдарды қолдайды. Сенсорлы тақта қимылдарын пайдалану үшін сенсорлы тақтаға екі саусақты бір уақытта орналастырыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сенсорлы тақта қимылдарына бағдарламалардың барлығында қолдау көрсетіле бермейді.

Қимылдың көрсетілімін көру үшін

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағының шегінде орналасқан **Отображать скрытые значки** (Жасырын белгішелерді көрсету) белгішесін басыңыз.
2. Указательное средство Synaptics (Synaptics меңзегіш құрылғысы) белгішесін  басып, **Свойства указательного средства** (Меңзегіш құрылғы сипаттары) параметрін таңдаңыз.
3. **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойыншасын нұқыңыз, ашылған терезеде құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) басыңыз.
4. Көрсетілімді бастау үшін, қимылға құсбелгі қойыңыз.

Қимылдарды қосу және ажырату үшін


1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағының шегінде орналасқан **Отображать скрытые значки** (Жасырын белгішелерді көрсету) белгішесін басыңыз.
2. Указательное средство Synaptics (Synaptics меңзегіш құрылғысы) белгішесін  басып, **Свойства указательного средства** (Меңзегіш құрылғы сипаттары) параметрін таңдаңыз.
3. **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойыншасын нұқыңыз, ашылған терезеде құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) басыңыз.
4. Қосылатын немесе өшірілетін қимылдың жанына құсбелгі қойыңыз.
5. **Применить** (Қолдану) пәрменін таңдап, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Жылжу

Жылжу қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжыту үшін екі саусақты сенсорлы тақтаның үстіне бөлек қойып, оларды сенсорлы тақта арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.




ЕСКЕРІМ: Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.




Шымшу/Масштабтау

Шымшу суреттерді немесе мәтінді үлкейтуге не кішірейтуге мүмкіндік береді.

- Үлкейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға бірге қойып, олардың арасын ашыңыз.




- Кішірейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға арасын алшақ қойып, одан кейін олардың арасын жақындатыңыз.



6 Күтім

- [Батареяны салу және шығарып алу](#)
- [Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту](#)
- [Жад модулін қосу немесе ауыстыру](#)
- [Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту](#)
- [SoftPaq Download Manager құралын пайдалану](#)
- [Компьютерді тазалау](#)


Батареяны салу және шығарып алу

 **ЕСКЕРІМ:** Батарея пайдалану туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.


Батареяны салу үшін:

1. Батареядағы ілгектерді **(1)** компьютердегі кетіктерге туралап, батареяны ұясына салып, ол **(2)** ұясына нық отырғанша басыңыз.

2. Батареяны оның орнына орналастыру үшін, батареяны босатуға арналған оң жақтағы ысырманы (3), одан кейін батареяны босатуға арналған сол жақтағы ысырманы (4) сырғытыңыз.




3. Батарея қақпағындағы кетіктерді (1) компьютердегі ілгектермен туралап, батарея қақпағын (2) жабу үшін оны басыңыз. Батарея қақпағы оның орнына автоматты түрде орналастырылады.



Батареяны шығарып алу үшін


⚠ ЕСКЕРТУ: Компьютердің жалғыз қуат көзі болып табылатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалмауын қамтамасыз ету үшін, батареяны шығарып алмастан бұрын, күту күйін қосыңыз немесе компьютерді Windows жүйесі арқылы өшіріп тастаңыз.

1. Батарея қақпағын босату ысырмасын **(1)** сырғытып, батарея қақпағын **(2)** жоғары қарай тартыңыз. Батарея қақпағын **(3)** алыңыз.



2. Батареяны шығару үшін, батареяны босатуға арналған сол жақтағы ысырманы **(1)**, одан кейін батареяны босатуға арналған оң жақтағы ысырманы **(2)** сырғытыңыз.

3. Батарея кесіндісін (3) тартып, батареяны (4) компьютерден шығарып алыңыз.



Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту


⚠ ЕСКЕРТУ: Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін.

Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосұлы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығарып алмаңыз.

Егер компьютер сөндірулі немесе күту күйінде екендігіне сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді қосыңыз. Содан соң амалдық жүйе арқылы компьютерді өшіріңіз.


Қатты дискіні шығарып алу

1. Жұмысыңызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған айнымалы ток пен сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді тегіс жерде төңкеріңіз.
4. Батареяның қақпағын және батареяның өзін алып тастаңыз. ([Батареяны салу және шығарып алу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
5. Қатты диск қақпағындағы 3 бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз. Қатты диск қақпағын **(2)** тартып, оны **(3)** алыңыз.



6. Қатты дискінің 3 бұрандасын **(1)** бұрап босатыңыз. Қатты дискіні ажырату үшін оның құлақшасын **(2)** сол жаққа тартаңыз.


7. Қатты дискіні (3) көтеріп, оны (4) қатты диск ұясынан тартып шығарыңыз.




Қатты дискіні орнату

1. Қатты дискіні (1) оның ұясына бұрышта енгізіп, оны (2) орнына салыңыз.

2. Қатты диск орнына түскенше оның құлақшасын (3) оң жаққа тартаңыз. Қатты дискіні бекіту үшін оның 3 бұрандасын (4) бұрап қатайтыңыз.






3. Қатты диск қақпағындағы (1) ілгектерді компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
4. Қатты диск қақпағын (2) жабыңыз және 3 бұранданы (3) бұрап қатайтыңыз.




5. Батареяның қақпағын және батареяның өзін орындарына салыңыз. ([Батареяны салу және шығарып алу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
6. Компьютерді жоғары қаратып, айнымалы ток қуатын және сыртқы құрылғыларды оған қайта қосыңыз.
7. Компьютерді қосыңыз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру

Компьютерде екі жад модулінің ұясы бар. Бос болған ұяға жад модулін қосу немесе бастапқы ұядағы жад модулін жаңарту арқылы компьютердің жад көлемін арттыруға болады.

-  **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
-  **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.
-  **ЕСКЕРІМ:** Екінші жад модулін қосқанда, қос арна конфигурациясын пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей екенін тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін

-  **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін


Жад модульдері қоспас немесе ауыстырмас бұрын компьютерді өшіруді ұмытпаңыз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жад модулін шығарып алмаңыз.

Егер компьютер сөндірулі немесе күту күйінде екендігіне сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді қосыңыз. Содан соң амалдық жүйе арқылы компьютерді өшіріңіз.

1. Жұмысыңызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған айнымалы ток пен сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді тегіс жерде төңкеріңіз.
4. Батареяның қақпағын және батареяның өзін алып тастаңыз. ([Батареяны салу және шығарып алу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
5. Қатты дискінің қақпағын алыңыз. ([Қатты дискіні шығарып алу 40-бетте](#) бөлімін қараңыз).
6. Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін алып тастаңыз:
 - а. Жад модулінің екі бүйіріндегі ұстап тұратын қысқыштарды **(1)** тартып шешіңіз.
Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

- ә. Жад модулінің шеттерінен ұстап **(2)**, оны ұясынан ақырын сыртқа шығарыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.



Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.


7. Жаңа жад модулін енгізу үшін

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.

- а. Жад модулінің ойықтары бар шетін **(1)** жад модулі ұясының тіліне келтіріңіз.
- ә. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрышта тұрғанда, модульді **(2)** басып жад модулінің ұясына түсіріңіз.

- б. Ұстап тұратын қысқыштар бекітілгенше, жад модулінің сол және оң жақ шеттерін қысып, жад модулін (3) басыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақым алуын болдырмау үшін, оны бүкпеңіз.



8. Қатты диск қақпағын орнына салыңыз. ([Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту 40-бетте](#) бөлімін қараңыз).
9. Батареяның өзін және батареяның қақпағын орындарына салыңыз. ([Батареяны салу және шығарып алу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
10. Компьютерді жоғары қаратып, айнымалы ток қуатын және сыртқы құрылғыларды оған қайта қосыңыз.
11. Компьютерді қосыңыз.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде соңғы нұсқалармен жаңартуды ұсынады. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркелу қажет.

SoftPaq Download Manager құралын пайдалану

HP SoftPaq Download Manager (SDM) құралы HP бизнес компьютерлері үшін SoftPaq ақпаратын SoftPaq нөмірін енгізбестен жылдам ашуға мүмкіндік береді. Бұл құралды пайдалану арқылы SoftPaq файлдарын оңай тауып, оларды жүктеп ашуға болады.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында орналасқан компьютер үлгісі мен SoftPaq ақпараты бар дерекқор файлын оқып, оны жүктейді. SoftPaq Download Manager құралы жүктеуге болатын SoftPaq файлын анықтау үшін бір немесе бірнеше компьютер үлгісін көрсетуге мүмкіндік береді.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында дерекқор немесе бағдарламалық құралдың жаңартулары бар-жоқтығын тексереді. Егер жаңартулар табылған болса, олар жүктеліп, автоматты түрде қолданылады.

SoftPaq Download Manager құралын HP FTP веб-торабынан алуға болады. SoftPaq Download Manager құралын SoftPaq файлдарын жүктеп алуға пайдалану үшін, алдымен бағдарламаны жүктеп орнатуыңыз тиіс. HP веб-торабына <http://www.hp.com/go/sdm> мекенжайы бойынша өтіңіз де, SoftPaq Download Manager құралын жүктеп орнату нұсқауларын орындаңыз.

SoftPaq файлдарын жүктеп алу үшін

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP Software Setup (HP бағдарламалық құралын орнату) > HP SoftPaq Download Manager (HP SoftPaq жүктеп алу реттеушісі)** тармақтарын таңдаңыз.
2. SoftPaq Download Manager құралын бірінші рет бастаған кезде, бағдарламалық құралды пайдаланылып тұрған компьютер немесе қолданылатын барлық модельдер үшін көрсету туралы сұралатын терезе ашылады. **Показать программные средства для всех поддерживаемых моделей** (Бағдарламалық құралдарды қолданылатын барлық модельдер үшін көрсету) құсбелгісін қойыңыз. Егер HP SoftPaq Download Manager құралын бұрын пайдаланған болсаңыз, 3-қадамға өтіңіз.
 - a. Амалдық жүйені және тіл сүзгілерін Параметры конфигурации (Конфигурация параметрлері) терезесінде таңдаңыз. Сүзгілер Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) аймағындағы мүмкіндіктер тізімін шектейді. Мысалы, егер амалдық жүйе сүзгісінің тек Windows 7 Professional параметрі таңдалған болса, Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) аймағында Windows 7 Professional амалдық жүйесі ғана көрсетіледі.
 - ә. Басқа амалдық жүйелерді қосу үшін, Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) терезесіндегі сүзгілеу параметрлерін өзгертіңіз. Қосымша ақпаратты HP SoftPaq Download Manager бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.
3. Сол жақ аймақтағы қосу белгісін (+) модельдер тізімін кеңейту үшін басыңыз, одан кейін жаңартылатын өнімдердің үлгісі немесе үлгілерін таңдаңыз.
4. Таңдалған компьютерге арналған бар SoftPaq файлдарының тізімін жүктеп алу үшін, **Найти доступные SoftPaq файлы** (Бар SoftPaq файлдарын табу) белгішесін басыңыз.
5. Бар SoftPaq файлдарының тізімінен қажет файлдарды таңдаңыз, егер көп SoftPaq файлын жүктеп алу қажет болса, **Только загрузить** (Тек жүктеп алу) пәрменін таңдаңыз. Себебі

жүктеу үрдісінің ұзақтығы таңдалған SoftPaq файлдарына және Интернет қосылысының жылдамдығына байланысты.

Егер сіз бір немесе екі SoftPaq файлын жүктеп алғыңыз келсе және сіз жоғары жылдамдықты Интернет қосылысын пайдалансаңыз, **Загрузить и распаковать** (Жүктеп алу және ашу) пәрменін таңдаңыз.

6. Таңдалған SoftPaq файлдарын компьютерге орнату үшін, SoftPaq Download Manager құралында **Установить SoftPaq файл** (SoftPaq файлын орнату) пәрменін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.


Компьютерді тазалау

- [Өнімдерді тазалау](#)
- [Тазалау ic peti](#)

Өнімдерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз тазалау және зарарсыздандыру үшін мына заттарды пайдаланыңыз:

- Ең үлкен концентрациясы 0,3% бензилдиметиламмоний хлориді (мысалы, бір рет пайдаланылатын зарарсыздандырғыш майлықтарды пайдаланыңыз. Бұл майлықтардың түрлі брендтері бар).
- Спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Жұмсақ сабынды су ерітіндісі
- Құрғақ микроталшық тазалағыш мата немесе күдері (майы жоқ электр зарядын жібермейтін мата)
- Электр зарядын жібермейтін мата майлықтар


 **ЕСКЕРТУ:** Келесі тазалағыш құралдарды пайдаланбаңыз:

Спирт, ацетон, аммоний хлориді, метиленхлорид сияқты қатты еріткіштер мен көмірсутектер; олардан компьютердің бетіне қатты зақым келуі мүмкін.

Қағаз сүлгі сияқты талшықты материалдар компьютерге сызат келтіруі мүмкін. Уақыт өткенде, кір бөліктері және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

Тазалау іс реті


Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз:

Компьютерді өшіріңіз.

Сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.

Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.


 **ЕСКЕРТУ:** Компьютер бетіне тазарту заттары немесе сұйықтықтарын тікелей шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

Дисплейді тазалау


Дисплейді *спирті жоқ* әйнек тазалағышқа суланған жұмсақ түксіз матамен абайлап сүртіңіз. Дисплейді жаппас бұрын оның құрғақ болғандығына көз жеткізіңіз.


Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау және зарарсыздандыру үшін, бұрын сипатталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын зарарсыздандырғыш майлықты пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің қақпағынан кір және қалдықтарды тазалау кезінде шеңбер бойынша жылжытыңыз.

Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

 **ЕСКЕРТУ:** Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау кезінде сұйықтықтың пернелер астына түспейтініне көз жеткізіңіз. Бұл ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

- Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау және зарарсыздандыру үшін, бұрын сипатталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын зарарсыздандырғыш майлықты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысуын болдырмау және пернелердің астында орналасқан шаңды, түктерді және қалдықтарды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.

7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

Windows 7

- [Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау](#)
- [Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру](#)

Ақпаратыңызды қорғауға жеке файлдар мен қалталардың немесе бүкіл қатты дисктің (тек таңдаулы үлгілерде) сақтық көшірмелерін жасау, жүйені қалпына келтіру дискілерін (тек таңдаулы үлгілерде) қосымша сыртқы оптикалық диск жетегі арқылы жасау немесе жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау үшін Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдаланыңыз. Жүйе ақаулығы жағдайында, сақтық көшірме файлдарын компьютер мазмұнын қалпына келтіру үшін пайдалануға болады.


Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралының төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- Жүйені қалпына келтіру дискісін (тек таңдаулы үлгілерде) қосымша сыртқы оптикалық диск жетегі арқылы жасау
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Жүйенің кескінін жасау (тек таңдаулы үлгілерде)
- Сақтық көшірмелердің автоматты жасалуын жоспарлау (тек таңдаулы үлгілерде)
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Жеке файлдарды қалпына келтіру
- Компьютерді бұрынғы күйге келтіру
- Ақпаратты қалпына келтіру құралдары арқылы қалпына келтіру



ЕСКЕРІМ: Толық нұсқауларды алу үшін Анықтама және қолдау орталығында қажет бөлімді іздеңіз.

Жүйе тұрақсыздығы жағдайында, HP компаниясы қалпына келтіру процедуралары туралы ақпаратты басып шығарып, оларды кейін пайдалану мақсатымен сақтауға кеңес береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) тармағын қараңыз.


Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Жүйе ақаулығынан кейін жүйені қалпына келтіру және жақын арада жасалған сақтық көшірме бірдей нәтиже береді. Бағдарламалық құралды орнатқаннан кейін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегі арқылы жүйені қалпына келтіру дискілерін (тек таңдаулы үлгілерде) және бастапқы сақтық көшірмені бірден жасауыңыз қажет. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соңғы сақтық көшірме жасауды қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасауды жалғастыру қажет. Жүйені қалпына келтіру дискілері (тек таңдаулы үлгілерде) жүйенің тұрақсыздығы немесе жүйе ақаулығы жағдайларында компьютерді бастау (қайта бастау) және амалдық жүйені жөндеу үшін қолданылады. Бастапқыда және кейін жасалған сақтық көшірмелер, егер ақаулық орын алса, деректер мен параметрлерді қалпына келтіру мүмкіндігін береді.

Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады.


Сақтық көшірме жасау кезінде төмендегі кеңестерге назар аударыңыз:


- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасына сақтап, олардың сақтық көшірмелерін үнемі жасап жүріңіз.
- Сөйкес бағдарламаларда сақталатын үлгілердің сақтық көшірмелерін жасаңыз.
- Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында көрсетілетін параметрлеріңізді экран суретін жасау жолымен сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды сақтауы мүмкін.
- Дискілерге сақтық көшірме жасаған кезде, дискілердің (бөлек сатып алынады) мына түрлерінің кез келгенін қолданыңыз: CD-R, CD-RW, DVD+R, DVD+R DL, DVD-R, DVD-R DL немесе DVD±RW. Пайдаланылатын дискілер түрі қолданылып тұрған сыртқы оптикалық диск түріне байланысты болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Ықшам дискілерге қарағанда, DVD дискілері мен қос қабатты DVD дискілеріне көбірек ақпарат сыятындықтан, сақтық көшірме жасау кезінде, оларды пайдалану дискілер санын азайту үшін пайдаланады.

- Сақтық көшірме жасау кезінде, әрбір дискіні сыртқы диск жетегіне салмай тұрып нөмірлеңіз.

Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігінің көмегімен сақтық көшірме жасау үшін :

 **ЕСКЕРІМ:** Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.


 **ЕСКЕРІМ:** Сақтық көшірме жасау үрдісіне файл өлшеміне және компьютердің жазу жылдамдығына байланысты бір сағаттай уақыт қажет болуы мүмкін.

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар)> Обслуживание (Қызмет көрсету) > Архивация и восстановление (Сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірмелердің жасалуын орнату, жүйе кескінін жасау (тек таңдаулы үлгілерде) немесе жүйені қалпына келтіру дискісін жасау (тек таңдаулы үлгілерде) үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

Жүйе ақаулығы немесе тұрақсыздығы туындаған жағдайда файлдарды қалпына келтіру үшін компьютерде мына құралдар бар:

- Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдары: Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралы арқылы бұрын сақтық көшірме жасалған файлдарды ғана қалпына келтіре аласыз. Windows жүйесінің дұрыс басталуын болдырмауы мүмкін мәселелерді шешу үшін Windows жүйесінің басталғанда қалпына келтіру құралын да пайдалана аласыз.
- **f11** қалпына келтіру құралдары: **f11** қалпына келтіру құралдарын қатты дискінің бастапқы кескінін қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Кескін Windows амалдық жүйесін және зауытта орнатылған бағдарламаларды қамтиды.


 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді іске қосу (бастау) және бұрын жасалған жүйені қалпына келтіру дискілерін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) мүмкін болмаса, компьютерді қайта іске қосу және амалдық жүйені қалпына келтіру үшін, Windows 7 амалдық жүйесі DVD-дискісін сатып алуыңыз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 53-бетте](#) тарауын қараңыз.

Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдарын пайдалану

Сақтық көшірмесі бұрын жасалған ақпаратты қалпына келтіру үшін

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Обслуживание** (Қызмет көрсету) > **Архивация и восстановление** (Сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру) тармақтарын таңдаңыз.
2. Жүйе параметрлері, компьютеріңізді (тек таңдаулы үлгілерде) немесе файлдарыңызды қалпына келтіру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Басталғанда қалпына келтіру құралы арқылы ақпаратыңызды қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

 **ЕСКЕРТУ:** Басталғанда қалпына келтіру құралы пайдаланылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. Қатты дискіні қайта пішімдеу аяқталғаннан кейін, амалдық жүйе, сондай-ақ драйверлер, бағдарламалық құралдар мен утилиталар сақтық көшірмелерден қалпына келтіріледі.


1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкіндігінше, Windows жүйесі бөлімінің және HP Recovery бөлімінің бар екенін тексеріңіз.

Windows жүйесі бөлімінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Компьютер** пәрменін таңдаңыз.


HP Recovery бөлімінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дисктерді басқару) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер Windows жүйесі бөлімі және HP Recovery бөлімі тізімде болмаса, амалдық жүйе мен бағдарламаларды Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін және «Драйверді қалпына келтіру» дискісін пайдалану арқылы (екеуі бөлек сатылады) қалпына келтіруіңіз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 53-бетте](#) тарауын қараңыз.

3. Егер Windows жүйесінің бөлімі және HP Recovery бөлімі тізімде болса, компьютерді қайта бастаңыз да, **F8** пернесін Windows амалдық жүйесі басталғанша басыңыз.
4. **Startup Repair** (Басталғанда қалпына келтіру) пәрменін таңдаңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Ақпаратты Windows құралдары арқылы қалпына келтіру туралы қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау орталығында қажет бөлімді іздеңіз.

F11 қалпына келтіру құралдарын пайдалану

 **ЕСКЕРТУ:** **F11** басылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. **F11** қалпына келтіру құралы амалдық жүйені және зауытта орнатылған HP бағдарламаларын қайта орнатады. Зауытта орнатылмаған бағдарламаларды қайта орнату қажет.

Бастапқы қатты диск кескінін **f11** пернесін басу арқылы қалпына келтіру үшін, мына әрекеттер орындаңыз:


1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкіндігінше, HP Recovery бөлімінің бар екенін тексеріңіз: **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дисктерді басқару) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер HP Recovery бөлімі тізімде болмаса, амалдық жүйе мен бағдарламаларды Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін және «Драйверді қалпына келтіру» дискісін пайдалану арқылы (екеуі бөлек сатылады) қалпына келтіруіңіз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 53-бетте](#) тарауын қараңыз.


3. Егер HP Recovery бөлімі тізімде болса, компьютерді қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
4. «Press <F11> for recovery» (Қалпына келтіру үшін F11 пернесін басу) хабары экранда көрсетіліп тұрғанда **f11** пернесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін (бөлек сатылады) пайдалану

Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісіне тапсырыс қою үшін, <http://www.hp.com/support> веб-торабын ашып, қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Техникалық қолдау қызметіне телефон соғу арқылы да DVD дискісіне тапсырыс қоя аласыз. Байланыс ақпаратын алу үшін, компьютермен қоса қамтамасыз етілген *Worldwide Telephone Numbers* (Дүниежүзілік телефон нөмірлері) кітапшасын қараңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Егер Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісі пайдаланылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. Қатты дискіні қайта пішімдеу аяқталғаннан кейін, амалдық жүйе, сондай-ақ драйверлер, бағдарламалық құралдар мен утилиталар қалпына келтіріледі.

Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісі арқылы қалпына келтіруді бастау үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл үрдісті аяқтау үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Компьютерді қайта іске қосыңыз және Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін Windows амалдық жүйесі басталғанша оптикалық диск жетегіне салыңыз.
3. Нұсқау берілгенде, кез келген пернетақта пернесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.
6. **Восстановить компьютер** (Компьютерді қалпына келтіру) құсбелгісін қойыңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіру үрдісі аяқталғаннан кейін мына әрекеттер орындаңыз:


1. Windows 7 амалдық жүйесі DVD дискісін шығарып алып, «Драйверді қалпына келтіру» дискісін салыңыз.
2. Алдымен, аппараттық құралдарды іске қосатын драйверлерді, одан кейін ұсынылған бағдарламаларды орнатыңыз.


Windows Vista


Ақпаратыңызды қорғауға сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру орталығын жеке файлдар мен қалталардың не бүкіл қатты дисктің (тек таңдаулы үлгілерде) сақтық көшірмелерін жасау немесе жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау үшін пайдаланыңыз. Жүйе ақаулығы жағдайында, сақтық көшірме файлдарын компьютер мазмұнын қалпына келтіру үшін пайдалануға болады.

Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралының төмендегідей мүмкіндіктері бар:

- Жеке файлдар мен қалталардың сақтық көшірмелерін жасау
- Бүкіл қатты дисктің сақтық көшірмесін жасау (тек таңдаулы үлгілерде)
- Сақтық көшірмелердің автоматты жасалуын жоспарлау (тек таңдаулы үлгілерде)
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Жеке файлдарды қалпына келтіру
- Компьютерді бұрынғы күйге келтіру
- Ақпаратты қалпына келтіру құралдары арқылы қалпына келтіру

 **ЕСКЕРІМ:** Толық нұсқауларды алу үшін Анықтама және қолдау орталығында қажет бөлімді іздеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жүйе тұрақсыздығы жағдайында, HP компаниясы қалпына келтіру процедуралары туралы ақпаратты басып шығарып, оларды кейін пайдалану мақсатымен сақтауға кеңес береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) тармағын қараңыз.

Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Ең соңғы сақтық көшірме жасау мен жүйе ақаулығынан кейінгі қалпына келтіру бірдей нәтиже береді. Бастапқы сақтық көшірмені бағдарламалық құрал орнатылғаннан кейін бірден жасауыңыз тиіс. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соңғы сақтық көшірме жасауды қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасауды жалғастыру қажет.

Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады.

Сақтық көшірме жасау кезінде төмендегі кеңестерге назар аударыңыз:

- Жеке файлдарды құжаттар қалтасына сақтап, олардың сақтық көшірмелерін үнемі жасап жүріңіз.
- Сәйкес бағдарламаларда сақталатын үлгілердің сақтық көшірмелерін жасаңыз.
- Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында көрсетілетін параметрлеріңізді экран суретін жасау жолымен сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды сақтауы мүмкін.

- Дискілерге сақтық көшірме жасаған кезде, дискілердің (бөлек сатып алынады) мына түрлерінің кез келгенін қолданыңыз: CD-R, CD-RW, DVD+R, DVD+R DL, DVD-R, DVD-R DL немесе DVD±RW. Пайдаланылатын дискілер түрі компьютерде орнатылған оптикалық диск салғыштың түріне байланысты болады.



ЕСКЕРІМ: Ықшам дискілерге қарағанда, DVD дискілері мен қос қабатты DVD дискілеріне көбірек ақпарат сыятындықтан, сақтық көшірме жасау кезінде, оларды пайдалану дискілер санын азайту үшін пайдаланады.

- Сақтық көшірме жасау кезінде, әрбір дискіні компьютердің оптикалық диск жетегіне салмай тұрып нөмірлеңіз.

Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру орталығының көмегімен сақтық көшірме жасау үшін:



ЕСКЕРІМ: Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнаымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.



ЕСКЕРІМ: Сақтық көшірме жасау үрдісіне файл өлшеміне және компьютердің жазу жылдамдығына байланысты бір сағаттай уақыт қажет болуы мүмкін.

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Обслуживание (Қызмет көрсету) > Центр архивации и восстановления (Сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Бүкіл компьютеріңіздің (тек таңдаулы үлгілерде) немесе файлдарыңыздың сақтық көшірмелерін жасау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіруді орындау

Жүйе ақаулығы немесе тұрақсыздығы туындаған жағдайда файлдарды қалпына келтіру үшін компьютерде мына құралдар бар:

- Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдары: Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру орталығы арқылы бұрын сақтық көшірме жасалған файлдарды ғана қалпына келтіре аласыз. Windows жүйесінің дұрыс басталуын болдырмауы мүмкін мәселелерді шешу үшін Windows жүйесінің басталғанда қалпына келтіру құралын да пайдалана аласыз.
- **f11** қалпына келтіру құралдары: **f11** қалпына келтіру құралдарын қатты дискінің бастапқы кескінін қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Кескін Windows амалдық жүйесін және зауытта орнатылған бағдарламаларды қамтиды.




ЕСКЕРІМ: Компьютерді іске қосу (бастау) және бұрын жасалған жүйені қалпына келтіру дискілерін пайдалану мүмкін болмаса, компьютерді қайта іске қосу және амалдық жүйені қалпына келтіру үшін, Windows Vista® амалдық жүйесі DVD-дискісін сатып алуыңыз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 58-бетте](#) тарауын қараңыз.

Windows жүйесінің қалпына келтіру құралдарын пайдалану


Сақтық көшірмесі бұрын жасалған ақпаратты қалпына келтіру үшін

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Обслуживание** (Қызмет көрсету) > **Центр архивации и восстановления** (Сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. Бүкіл компьютеріңізді (тек таңдаулы үлгілерде) немесе файлдарыңызды қалпына келтіру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Басталғанда қалпына келтіру құралы арқылы ақпаратыңызды қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

 **ЕСКЕРТУ:** Басталғанда қалпына келтіру құралы пайдаланылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. Қатты дискіні қайта пішімдеу аяқталғаннан кейін, амалдық жүйе, сондай-ақ драйверлер, бағдарламалық құралдар мен утилиталар сақтық көшірмелерден қалпына келтіріледі.


1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкіндігінше, Windows жүйесі бөлімінің және HP Recovery бөлімінің бар екенін тексеріңіз. Бөлімдерді табу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Компьютер** пәрменін таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер Windows жүйесі бөлімі және HP Recovery бөлімі жойылған болса, амалдық жүйе мен бағдарламаларды Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін және «Драйверді қалпына келтіру» дискісін пайдалану арқылы (екеуі бөлек сатылады) қалпына келтіруіңіз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 58-бетте](#) тарауын қараңыз.

3. Компьютерді қайта бастаңыз да, **f8** пернесін Windows амалдық жүйесі басталғанша басыңыз.
4. **Восстановить компьютер** (Компьютерді қалпына келтіру) құсбелгісін қойыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Ақпаратты Windows құралдары арқылы қалпына келтіру туралы қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау орталығында қажет бөлімді іздеңіз.


f11 қалпына келтіру құралдарын пайдалану

 **ЕСКЕРТУ:** **f11** басылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. **f11** қалпына келтіру құралы амалдық жүйені және зауытта орнатылған HP бағдарламаларын қайта орнатады. Зауытта орнатылмаған бағдарламаларды қайта орнату қажет. Жеке файлдар сақтық көшірмеден қалпына келтірілуі тиіс.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде қатты күйдегі дискі (SSD) орнатылған болса, қалпына келтіру бөлімі болмауы мүмкін. Қалпына келтіру дискілері бөлімі жоқ компьютерлермен бірге келеді. Бұл дискілерді амалдық жүйені және бағдарламалық құралдарды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз. Қалпына келтіру бөлімінің бар-жоғын тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Компьютер** параметрлерін таңдаңыз. Егер бөлім болса, HP қалпына келтіру дискісі терезедегі қатты диск жетектерінің тізімі бөлімінде көрсетіледі.

Бастапқы қатты диск кескінін **f11** пернесін басу арқылы қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:


1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Мүмкіндігінше, HP Recovery бөлімінің бар екенін тексеріңіз. Бөлімді табу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Компьютер** пәрменін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер HP Recovery бөлімі жойылған болса, амалдық жүйе мен бағдарламаларды Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін және «Драйверді қалпына келтіру» дискісін пайдалану арқылы (екеуі бөлек сатылады) қалпына келтіруіңіз тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін, [Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін \(бөлек сатылады\) пайдалану 58-бетте](#) тарауын қараңыз.


3. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
4. «Press <F11> for recovery» (Қалпына келтіру үшін F11 пернесін басу) хабары экранда көрсетіліп тұрғанда **f11** пернесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін (бөлек сатылады) пайдалану

Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісіне тапсырыс қою үшін, <http://www.hp.com/support> веб-торабын ашып, қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Техникалық қолдау қызметіне телефон соғу арқылы да DVD дискісіне тапсырыс қоя аласыз. Байланыс ақпаратын алу үшін, компьютермен қоса қамтамасыз етілген *Worldwide Telephone Numbers* (Дүниежүзілік телефон нөмірлері) кітапшасын қараңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Егер Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісі пайдаланылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. Қатты дискіні қайта пішімдеу аяқталғаннан кейін, амалдық жүйе, сондай-ақ драйверлер, бағдарламалық құралдар мен утилиталар қалпына келтіріледі.

Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісі арқылы қалпына келтіруді бастау үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл үрдісті аяқтау үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Компьютерді қайта іске қосыңыз және Windows Vista амалдық жүйесі DVD дискісін Windows амалдық жүйесі басталғанша оптикалық диск жетегіне салыңыз.
3. Нұсқау берілгенде, кез келген пернетақта пернесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.
6. **Восстановить компьютер** (Компьютерді қалпына келтіру) құсбелгісін қойыңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

8 Тұтынушыларды қолдау

- [Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу](#)
- [Жапсырмалар](#)

Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу

Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы* немесе Анықтама және қолдау бөлімдеріндегі ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына келесі телефондар арқылы хабарласуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>



ЕСКЕРІМ: Бүкіл әлем бойынша қолдау алу үшін беттің сол жағындағы **Contact HP worldwide** (HP компаниясымен бүкіл әлем бойынша хабарласу) тармағын таңдаңыз немесе http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html торабына кіріңіз.

Бұл жерде сізде мынадай мүмкіндіктер болады:

- HP маманымен желіде тікелей тілдесу.




ЕСКЕРІМ: Белгілі бір тілде техникалық қолдауға байланысты сөйлесу мүмкін болмаса, ағылшын тілін пайдалануға болады.

- HP тұтынушыларды қолдау орталығына электрондық хат жіберу.
- HP Тұтынушыларды қолдау орталығының ғаламдық телефон нөмірлерін табу.
- HP қызмет көрсету орталығының мекенжайын анықтау.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

- Сериялық нөмір жапсырмасы — мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:



Бөлік

(1)	Өнім атауы
(2)	Сериялық нөмірі (с/н)
(3)	Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n)
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі
(5)	Модель сипаттамасы

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Сериялық нөмірі бар жапсырма батарея ұясында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі - Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі компьютердің түбіне жабыстырылған.
- Техникалық деректер жапсырмасы — компьютер туралы техникалық ақпаратты береді. Нормативтік ақпараты бар жапсырма батарея ұясында орналасады.
- Сымсыз куәландыру белгісі немесе белгілер (тек таңдаулы үлгілерде) — қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәлік беру жөніндегі жапсырмалар батарея орнында орналасқан.
- SIM (абонентті анықтау модулі) жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — SIM картасының ICCID кодын (Кірістірілген байланыс картасының кодын) береді. Бұл жапсырма батарея ұясының ішінде орналасады.
- HP мобильді кең жолақты модулінің сериялық нөмірі бар жапсырма (тек таңдаулы үлгілерде) — HP мобильді кең жолақты модулінің сериялық нөмірін көрсетеді. Бұл жапсырма батарея ұясының ішінде орналасады.

9 Техникалық сипаттамасы

- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Жұмыс ортасы](#)


Тұтынылатын қуат


Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Компьютер айнымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Айнымалы ток көзі 100–240 В, 50–60 Гц шамасында болуы керек. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек HP компаниясы берген және осы компьютерге қолдану үшін ұсынған айнымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.

Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс кернеуі және тогы	18.5 В тұрақты ток @ 3.5 А - 65 Вт 18,5 В (тұрақты ток) 3,5 А болғанда - 65 Вт, жұқа адаптер (тек таңдаулы үлгілерде)

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмыс кернеуі мен тогы туралы ақпаратты жүйенің нормативтік жапсырмасынан табуға болады.

Жұмыс ортасы

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
Температура		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	5 - 35°C	41 - 95°F
Жұмыссыз режимде	-20 мен 60°C арасында	-4 пен 140°F арасында
Салыстырмалы ылғалдылық (конденсанцияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	10 - 90%	10 - 90%
Жұмыссыз режимде	5 - 95% арасында	5 - 95% арасында
Ең жоғары биіктік (қысымсыз)		
Пайдалануға болатын	-15 м мен 3048 м арасында	-50 фут пен 10000 фут арасында
Жұмыссыз режимде	-15 м мен 12192 м арасында	-50 фут пен 40000 фут арасында

Индекс

А

- амалдық жүйе
 - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 61
 - Өнім кілті 61
- аудио кіріс (микрофон) ұясы, анықтау 13
- аудио шығыс (құлаққап) ұясы, анықтау 13

Ә

- әрекет пернелері, анықтау 28

Б

- батарея, ауыстыру 36
- батарея қақпағы, анықтау 17
- батарея қақпағын босату ысырмасы 17
- батарея ұясы 61
- батарея шамы 14
- бөліктер
 - алдыңғы жағы 12
 - астыңғы 17
 - дисплей 16
 - жоғарыдан қарағандағы көрінісі 7
 - оң жағы 13
 - сол жағы 15

В

- веб-камера 16
- веб-камера, анықтау 16
- веб-камера шамы, анықтау 16

Е

- енгізілген сандық пернетақта, анықтау 11, 29

Ж

- жад модулі
 - ауыстыру 43
 - салу 44
 - шығарып алу 43
- жапсырмалар
 - Bluetooth 61
 - HP мобильді кең жолақты модулі 61
 - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі 61
 - SIM 61
 - WLAN 61
 - сериялық нөмір 61
 - сымсыз куәлік 61
 - техникалық деректер 61
- желдеткіштер, анықтау 15, 17
- желі ұясы, анықтау 13
- жұмыс ортасы 64
- жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелері 49
- жүйені қалпына келтіру дискісі 49
- жылдам пернелер
 - Beats Audio 28
 - QuickLock 28
 - Анықтама және қолдау орталығы 27
 - Басып шығару мүмкіндіктері 27
- батарея заряды 27
- дыбысты реттеу 28
- пайдалану 27
- пернетақта
 - жарықтандырғышы 28
 - сипаттама 27
 - Ұйқы 28
 - экран жарықтығын азайту 28

- экран жарықтығын арттыру 28
- экран кескінін ауыстырып қосу 27

З

- заңдық ақпарат
 - сымсыз куәлік беру туралы жапсырмалар 61
 - техникалық деректер жапсырмасы 61

И

- Интернет байланысын орнатқыш 22
- Интернет қызметі провайдері, пайдалану 20

К

- компьютерді қорғау 47
- компьютерді сапарға алып шығу 61
- компьютерді тазалау 47
- коннектор, қуат 14
- көрсетілетін кескін, ауыстырып көрсету 27
- кірістірілген веб-камера шамы, анықтау 16

Қ

- қалпына келтіру бөлімі 52, 57
- қатты диск
 - орнату 41
 - шығарып алу 40
- қатты диск қақпағы, анықтау 18
- қатты диск шамы 12
- қатты дискіні қалпына келтіру 52, 57

қатты дискінің қалпына келтірілуі 52, 57
қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 15
қуат коннекторы, анықтау 14
қуат түймешігі, анықтау 10
қуат шамдары 8, 12
құлаққап (аудио шығыс) ұясы 13

М
Медиа картаны оқу құрылғысы, анықтау 15
меңзегіш құрылғылар, орнатудың таңдаулы параметрлері 30
микрофон (аудио кіріс) ұясы, анықтау 13

Ө
өнім аты және нөмірі, компьютер 61
Өнім кілті 61

П
пернелер
esc 11
fn 11
Windows қолданбалары 11
Windows логотипі 11
функционалдық 11
пернетақта
анықтау 29
енгізілген сандық 11
пернетақтадағы пернелер тіркесімдері, анықтау 27
пернетақта жарықтандырғышы 28
порттар
HDMI 15
USB 13, 15
сыртқы монитор 15

С
Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 50
Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру орталығы 55, 56
саусақ ізін оқу құрылғысы, анықтау 10

Сенсорлы тақта
анықтау 7
пайдалану 30
түймешіктер 7
Сенсорлы тақта жарығы, анықтау 8
Сенсорлы тақта қимылдары жылжу 34
масштабтау 34
шымшу 34
сенсорлы тақтаның жылжу қимылы 34
сенсорлы тақтаның масштабтау қимылы 34
сенсорлы тақтаның шымшу қимылы 34
сериялық нөмір 61
сериялық нөмір, компьютер 61
Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) жылдам пернесі 27
сымсыз антенналар, анықтау 16
сымсыз байланыс шамы 8
сымсыз желі, қосылу 21
сымсыз желі (WLAN), қажет жабдық 22
сымсыз жол жоспарлағыш, параметрлерді реттеу 23
сымсыз куәлік беру туралы жапсырма 61
сымсыз реттеу 22
сыртқы монитор порты 15

Т
тұтынылатын қуат 63
түймешіктер
қуат 10
сенсорлы тақтаның оң жағы 7
сенсорлы тақтаның сол жағы 7
Түпнұсқалық туралы куәліктің жапсырмасы 61
тінтуір, сыртқы басым параметрлерді орнату 30

Ұ
ұялар
RJ-45 (желі) 13
SIM 18
аудио кіріс (микрофон) 13
аудио шығыс (құлаққап) 13
желі 13
қауіпсіздік кабелі 15

Ү
үндеткіштер, анықтау 12

Ф
функционалдық пернелер, анықтау 11

Ш
шамдар
caps lock 8
батарея 14
веб-камера 16
қатты диск 12
қуат 8, 12
Сенсорлы тақта 8
сымсыз байланыс 8

Ы
ысырма, батарея қақпағын босату 17

І
ішкі дисплей қосқышы 16
ішкі микрофондар, анықтау 16

Э
экран жарықтығы пернелері 28
экран кескіні, ауыстырып қосу 27

В
Beats Audio 2
Bluetooth жапсырмасы 61

С
caps lock шамы, анықтау 8

Е
eSATA порты 15
esc пернесі, анықтау 11

F

f11 қалпына келтіру 52, 57
fn пернесі, анықтау 11, 27

H

HDMI порты, анықтау 15

M

Microsoft түпнұсқалық туралы
куәлігінің жапсырмасы 61

N

num lk пернесі, анықтау 29

R

RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 13

S

SIM карта ұясы, анықтау 18
SoftPaq файлдары, жүктеу 46

U

USB порттары, анықтау 13, 15

W

Windows 7 амалдық жүйесі DVD
дискісі 53

Windows Vista амалдық жүйесі
DVD дискісі 58

Windows жүйесінің сақтық
көшірме жасау және қалпына
келтіру 49

Windows қолданбалар пернесі,
анықтау 11

Windows логотипі бар перне,
анықтау 11

WLAN

қорғау 23

қосылу 21

WLAN антенналары, анықтау
16

WLAN жапсырмасы 61

WLAN жүйесін орнату 22

WLAN құрылғысы 61

WWAN антенналары, анықтау
16